

Шектеу іс - шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Ломоносов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 қазандағы № 31 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 қазанда № 5609 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 – бабы 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2019 жылғы 12 тамыздағы № 09-08/222 ұсынысы негізінде, Ломоносов ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Ломоносов ауылдық округі Урожайный ауылының "Кужен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы фермасының аумағында ірі қара мал бруцеллезі ауыруының ошағын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Ломоносов ауылдық округі әкімі міндетін атқарушының "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Ломоносов ауылдық округі Урожайный ауылының "Кужен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы фермасының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2019 жылғы 22 мамырдағы № 15 шешімінің күші жойылды деп танылсын (2019 жылғы 28 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық түріндегі банкінде электрондық түрінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5412 болып тіркелген).

3. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ломоносов ауылдық
округі әкімінің
міндетін атқарушы*

В. Барсуков